

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ- АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ**



**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ
БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ПРОФИЛАКТИКЕ
БУЛЛИНГА В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ**

Астана 2026

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

Мектепке дейінгі ұйымдарда буллингтің алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар – Астана, 2026. – 73 бет.

Пікір берушілер:

Сақтағанов Б. К., PhD доктор
Бектурганова Г. К., меңгеруші
Унгарова А. К., әдіскер

Аталған әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдарда буллингтің алдын алу бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыруға бағытталған. Құжатта профилактиканың нормативтік құқықтық негіздері, мектепке дейінгі жаста буллингтің байқалу ерекшеліктері ашып көрсетілген, сондай-ақ профилактикалық жұмыстың мақсаты, міндеттері мен қағидаттары айқындалған.

Әдістемелік ұсынымдар педагогтерге арналған практикаға бағытталған материалдарды, оның ішінде балалармен жұмыс жүргізудің негізгі бағыттарын, буллинг жағдайлары анықталған кезде әрекет ету алгоритмдерін, ата-аналармен өзара әрекет ету нысандары мен қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз етуде басшының рөлін қамтиды. Балалардың эмоционалдық интеллектісін дамытуға және ұжымда мейірімді қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет екені айтылған.

Материалдарды агрессивті мінез-құлықтың алдын алу, психологиялық жайлы орта құру және әрбір баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, әдіскерлері, педагог-психологтары мен тәрбиешілері және жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарының педагогтері қолдана алады.

Әдістемелік ұсынымдар ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2026 жылғы 13 мамырдағы № 5 хаттама).

Балаларды ерте дамыту институты, 2026 ж.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Мектепке дейінгі ұйымдарда буллингтің алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ қауіпсіз және жайлы білім беру ортасын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында әзірленді.

Аталған әдістемелік ұсынымдарды әзірлеудің өзектілігі мектеп жасына дейінгі балалар арасында агрессивті мінез-құлық көріністерінің ерте алдын алу, оларда сындарлы өзара әрекет ету дағдыларын қалыптастыру және балалар ұжымында зорлық-зомбылыққа жол бермеу қажеттілігімен байланысты.

Мектепке дейінгі жас — әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларды, эмоционалды интеллект пен мінез-құлықты қалыптастыруға қолайлы кезең. Осы кезеңде баланың айналасындағылармен өзара әрекет ету негіздері қаланады, сондықтан уақтылы профилактикалық жұмыс жүргізу агрессивті мінез-құлық түрлерінің дамуына және жәбірленудің құрбаны болуға жол бермейді.

Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған және:

- педагогтерде буллинг белгілерін тану бойынша құзыреттіліктерді қалыптастыруға;
- топтарда жүйелі профилактикалық жұмысты ұйымдастыруға;
- балалардың зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас жасау және эмоцияларын басқару дағдыларын дамытуға;
- ата-аналармен (заңды өкілдермен) тиімді өзара әрекет етуге;
- буллинг жағдайларына уақтылы назар аударуды қамтамасыз етуге бағытталған.

Әдістемелік ұсынымдар мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін, мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесінің ерекшеліктерін ескереді және әрбір баланың қауіпсіздігін сақтау, оны құрметтеу және қолдау қағидаттарына негізделген дамытушы ортаны ұйымдастыруға бағытталады.

Әдістемелік ұсынымдардың практикалық маңыздылығы оларды педагогтердің күнделікті қызметінде қолдануына, мектепке дейінгі ұйымның жылдық жұмыс жоспарына енгізуге, сондай-ақ профилактикалық іс-шаралар мен консультацияларды өткізу кезінде қолдануына мүмкіндік береді.

Аталған әдістемелік ұсынымдарды енгізудің күтілетін нәтижесі балалар ұжымдарында жанжалдасу жағдайларының деңгейін төмендету, буллингтің алдын алу мәселелерінде педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру, балаларда оң әлеуметтік мінез-құлықтың тұрақты дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әзірленді және баланың құқықтарын қорғауды, қауіпсіздігі мен мектепке дейінгі ұйымның білім беру ортасында әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған.

Әдістемелік ұсынымдардың нормативтік құқықтық негіздерін:

- кәмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі;

- ҚРҰ 2026 жылғы 29 қаңтардағы № 56 қаулысымен бекітілген «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы;

- әрбір баланы физикалық және психикалық зорлық - зомбылықтың барлық түрлерінен қорғау құқығын бекітетін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары;

- профилактикалық жұмысты ұйымдастыруға, білім беру ұйымдарында буллинг жағдайларын анықтауға және оларға ден қою тәртібіне бірыңғай талаптарды айқындайтын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығымен бекітілген «Баланы жәбірлеудің (буллинктің) профилактикасы қағидалары» құрайды.

Бұйрыққа сәйкес буллинг (баланы жәбірлеу) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, кибербуллинкті қоса алғанда, баланы қудалауға, қорқытуға және зиян келтіруге бағытталған қорлау сипатындағы жүйелі (екі немесе одан көп) әрекеттер ретінде айқындалады. Буллинктің негізгі белгілері — әрекеттердің қайталануы, олардың қасақана жасалу сипаты, қатысушылар арасында күштер теңсіздігінің болуы және психологиялық немесе физикалық зиян келтіру.

Буллинг физикалық агрессияны (соққылар, итерулер, мүлікке зиян келтіру), вербальды көріністерді (тіл тигізу, мазақ ету, қорқыту), әлеуметтік оқшаулануды (елемеу, бірлескен әрекеттен шығарып тастау), сондай-ақ цифрлық байланыс құралдарын қолданумен байланысты кибербуллинкті қоса алғанда әртүрлі нысандарда көрінуі мүмкін.

Нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес әрбір білім беру ұйымы қауіпсіз білім беру ортасын ұйымдастыруды, профилактикалық іс-шараларды іске асыруды, балаларда зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас жасау және эмоцияларын басқару дағдыларын дамытуды қамтитын буллинктің алдын алу бойынша жүйелі жұмысты қамтамасыз етуге міндетті. Тәрбиеленушілердің мінез-құлқын бақылау, топтағы психологиялық ахуалды талдау және мамандарды уақтылы хабардар ету арқылы буллинг белгілерін ерте анықтауға ерекше назар аудару қажет.

Буллинг фактілері анықталған жағдайда білім беру ұйымы құқыққа қайшы әрекеттерді болдырмау, барлық тараптардың қатысуымен жағдайды талдау, педагог-психологты тарту, ата-аналарды (заңды өкілдерді) хабардар

ету, сондай-ақ балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру шараларын дереу өткізуге міндетті.

Педагогтер тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, жайлы психологиялық орта ұйымдастыруға, агрессия жағдайларын уақтылы анықтауға және болдырмауға жауапты. Олардың міндеттеріне ата-аналармен (занды өкілдермен) және мамандармен өзара әрекет ету, сондай-ақ буллингтің алдын алу мәселелері бойынша кәсіби құзыреттілікті үнемі арттыру кіреді.

Буллингтің барлық жағдайлары белгіленген тәртіппен міндетті түрде тіркелуі қажет. Мектепке дейінгі ұйымда профилактикалық іс-шаралардың есебін жүргізу, бақылаудың, әңгімелесу мен консультациялардың нәтижелерін ресімдеу қажет. Әкімшілік нормативтік құжаттар талаптарының сақталуын және профилактикалық жұмыстың ұйымдастырылуын бақылауды жүзеге асыруы тиіс:

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» (бұдан әрі-Үлгілік бағдарлама) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы.

Үлгі бағдарламаның мазмұны мыналарды көздейді:

- қоғамда, ұжымда мінез-құлық нормалары мен ережелері туралы түсініктерді қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі балаларды бір-бірімен амандасуға, өтініш білдіруге, алғыс айтуға үйрету, бұл вербалды агрессия көрсету тәуекелдерін төмендете отырып, сыйластық қарым-қатынастың негізін қалайды;

- табиғатқа және тіршілік иелеріне қамқорлық танытуға тәрбиелеу арқылы буллингке қарама-қайшы ұғым болып табылатын эмпатияны (басқаның көңіл-күйін түсіне білу, жанашырлық таныту) жанама түрде қалыптастырады;

- мәдени мінез-құлық ережелерін меңгерту, келісе білуге және жанжалдарды айқай-шу мен төбелессіз шешуге үйрету, сондай-ақ құрдастарымен олардың ерекшеліктеріне қарамастан мейірімді қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;

- топта және серуенде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ ересектің көмегіне жүгіне білу (буллингтің ықтимал құрбаны болу үшін маңызды дағды).

Аталған нормаларды іске асыру баланың құқықтары мен мүдделерінің басымдығы, зорлық-зомбылықтың кез келген нысандарына жол бермеу, құпиялылық, тәрбиелеу - білім беру процесіне қатысушылардың жеке көзқарасы мен жүйелі өзара әрекет ету қағидалары бойынша жүзеге асырылады.

Осылайша, нормативтік құқықтық база мектепке дейінгі ұйымдарда буллингтің алдын алудың бірыңғай тәсілін қамтамасыз етеді, тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушылардың міндеттерін айқындайды және әрбір баланың дамуы үшін қауіпсіз және қолдаушы орта ұйымдастыруға ықпал етеді.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТА БУЛЛИНГТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстанда балалардың басым бөлігі күн сайын мектепке дейінгі ұйымдарға барады, осыған байланысты олардағы қауіпсіз жағдайларға ерекше назар аударылады.

2022 – 2025 жылдары Қазақстанның білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған нормативтік, ұйымдастырушылық және техникалық шаралардың кешенді жүйесі қалыптасты.

Мектепке дейінгі ұйымдар жедел басқару орталықтарына қосылған заманауи бейнебақылау камераларымен, дабыл түймелерімен, лицензияланған күзетпен, кіруді бақылау және басқару жүйелерімен қамтамасыз етілген.

Мектепке дейінгі ұйымдардың қауіпсіздік жүйелерімен жарактандырылғанына қарамастан, мектепке дейінгі ұйымдарда балаларға қатыгездік көрсету, жәбірлеу (буллинг) жағдайлары кездеседі.

Балалардың психикалық, эмоционалдық және әлеуметтік даму деңгейіне байланысты мектепке дейінгі жаста буллингтің өзіндік ерекшеліктері бар. Баланы жәбірлеу жиі саналы және тұрақты сипатта болатын мектеп жасынан айырмашылығы — балабақшада агрессияның көріністері көбінесе жағдайға байланысты, ырықсыз түрде пайда болады және қарым-қатынас пен өзін-өзі басқару дағдыларының жеткіліксіз қалыптасуымен байланысты.

Мектепке дейінгі жас — жеке тұлғаның белсенді қалыптасу, эмоционалды саланың даму, негізгі әлеуметтік дағдылар мен мінез-құлық нормаларының қалыптасу кезеңі. Дәл осы кезеңде балалар құрдастарымен өзара әрекет етуді, эмоцияларын білдіруді, жанжалдарды шешуді және өзгелердің сезімдерін түсінуді үйренеді. Мақсатқа бағытталған педагогикалық қолдау мен жайлы орта болмаған жағдайда агрессивті мінез-құлықтың жекелеген түрлері буллингке ұқсас тұрақты үлгілерге айналуы мүмкін.

Мектепке дейінгі ұйым жағдайында буллинг әртүрлі нысанда көрінуі мүмкін. Ең жиі кездесетіні — физикалық агрессия, оның ішінде балалардың бір-бірін итеруі, ұруы, ойыншықтарын тартып алу, жеке заттарын бұзу. Мұндай әрекеттер көбінесе ресурстар үшін (ойыншықтар, ересектердің назары) бәсекелестік және өзін-өзі бақылау дағдыларының болмауы жағдайларында пайда болады.

Вербалды агрессия лақап ат қою, мазақтау, қорқыту, ренжітетін сөздер қолдану түрінде көрінеді. Балалар айтқан сөздерінің мағынасын әрдайым толық түсінбейтініне қарамастан, мұндай сөздер басқа балаларға айтарлықтай эмоционалды зиян келтіруі және топта жағымсыз психологиялық ахуал қалыптастыруы мүмкін.

Әлеуметтік шеттету баланы бірлескен ойынға қабылдаудан бас тарту, оны елемеу («біз сенімен ойнамаймыз», «сен бізге керек емессің») түрінде көрінеді. Буллингтің бұл түрі қауіпті, өйткені ол баланың топқа тиесілі болу деген негізгі қажеттілігіне әсер етеді және жалғыздық пен өзіне сенімсіздік таныту сезімдерінің қалыптасуына әкелуі мүмкін.

Эмоционалды қысым — қорқыту, өзінің артықшылығын көрсету, айтқанын істету («егер айтқанымды істемесең — сенімен дос болмаймыз»), сондай - ақ вербалды емес тәсілдер арқылы — агрессивті ым-ишара, елемей арқылы көрінуі мүмкін. Мектепке дейінгі жаста мұндай көріністер көбінесе жасырын сипатта болады және педагог тарапынан ерекше назар аударуды талап етеді.

Мектепке дейінгі ұйымда буллингтің пайда болу себептері әртүрлі және олар баланың жеке ерекшеліктерімен, сондай-ақ әлеуметтік ортаның ықпалына байланысты. Негізгі себептердің бірі — әлеуметтік және коммуникативтік дағдылардың жеткілікті деңгейде қалыптаспауы: балалар әлі келісе алмайды, өз сезімдерін сөзбен жеткізе алмайды, өзгенің ұстанымын, пікірін ескермейді.

Ересектердің мінез-құлқына еліктеу айтарлықтай әсер етеді. Балалар отбасында, бұқаралық ақпарат құралдарында және қоршаған ортада байқаған өзара әрекет ету үлгілерін қайталайды. Егер бала агрессивті қарым-қатынастың түрлеріне тап болса, ол мұндай мінез-құлықты құрдастарымен қарым-қатынаста көрсетуі мүмкін.

Отбасылық тәрбиенің ерекшеліктері маңызды фактор болып табылады. Ата-аналардың балаға жеткілікті көңіл бөлмеуі, қаталдық танытуы немесе керісінше шектен тыс еркіндік беретін тәрбие әдістері (*ата-аналар балаға талаптар қоймай, толық еркіндік беру*), отбасындағы жанжалды ахуал агрессивті немесе виктимді мінез-құлықты қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін.

Көшбасшылыққа ұмтылу агрессивті мінез-құлық себептерінің бірі болуы мүмкін. Топта әлеуметтік иерархияның қалыптасу процесінде кейбір балалар басқаларға қысым көрсету, мәжбүрлеу немесе шеттетуді қолдана отырып, басымдық танытуға тырысады.

Мектепке дейінгі жаста буллинге қатысушылардың рөлдері (үстемдік етуші, жәбірленуші, бақылаушылар) әлі тұрақты болмайды. Бір бала әртүрлі жағдайларда әртүрлі рөлде көрінуі мүмкін, бұл педагогтен икемді және жеке тәсілді талап етеді.

Балабақшада буллингтің ерекшелігі — балалардың ересектерге тәуелді болуы. Педагог өзара қарым-қатынасты реттеуде, жанжалдардың алдын алуда және мінез-құлық нормаларын қалыптастыруда негізгі рөл атқарады. Топтағы психологиялық ахуал көбінесе оның кәсіби ұстанымына, зейінділігіне және уақтылы араласуына байланысты.

Осы жас кезеңінде буллинг жиі жағдаяттық сипатта болатынын және оны түзету мүмкін екенін ескеру маңызды. Уақтылы педагогтің ықпал етуі, балаларда жанашырлық таныту, ынтымақтастық және өзін-өзі басқару дағдыларын дамыту арқылы агрессивті мінез-құлық қалыптасуының алдын алуға болады.

Осылайша, мектепке дейінгі жаста буллингтің көріну ерекшеліктерін түсіну педагогтерге қауіп-қатерлерді уақтылы анықтауға, профилактикалық

жұмысты сауатты ұйымдастыруға және әрбір баланың жеке тұлғасының үйлесімді дамуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мектепке дейінгі ұйымдарда буллингтің алдын алу — психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, балалардың эмоционалдық саулығын сақтауға және оларда оң әлеуметтік тәжірибені қалыптастыруға бағытталған тәрбиелеу-білім беру процесінің маңызды бағыты болып табылады.

Профилактикалық жұмыстың **мақсаты** — баланың жеке басын құрметтеу, әрбір тәрбиеленушінің жеке ерекшеліктерін ескеру және зорлық-зомбылық пен агрессияның кез келген түріне мүлдем төзбеушілік қағидаттарына негізделген қауіпсіз, психологиялық жайлы білім беру ортасын ұйымдастыру.

Мақсатқа қол жеткізу келесі **міндеттерді** жүйелі және кешенді іске асыруды талап етеді:

1. Балаларда достық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.

Негізгі міндеттердің бірі — балаларды құрдастарымен сындарлы өзара қарым-қатынас жасауға үйрету. Осы жұмыс аясында тәрбиеленушілерде келісу, бөлісу, кезекті сақтау, басқалардың қызығушылықтарын ескеру, жанжалдарды зорлық-зомбылықсыз шеше білуі қалыптасады. Педагог балалардың сөйлеуді қарым-қатынастың негізгі құралы ретінде қолдану дағдыларын дамытуға ықпал етіп, өтініштерін, бас тарту мен эмоцияларын әлеуметтік қолайлы түрде білдіруге үйретеді. Топта өзара әрекет ету ережелерін қалыптастыру және оларды күнделікті әрекетте бекітуге назар аудару қажет.

2. Эмоционалды интеллектті дамыту.

Балаларда өз эмоцияларын және басқа адамдардың эмоцияларын тану, олардың көріну себептерін түсіну және өз мінез-құлқын басқару қабілетін дамыту профилактиканың маңызды бағыты болып табылады. Педагог эмпатияны, жанашырлық таныту мен қолдау көрсетуді дамытуға бағытталған әрекеттерді ұйымдастырады. Балалар өз әрекеттерінің салдарын сезінуге, құрдастарының сезімдерін түсінуге және өз әрекеттері үшін жауап беруге үйренеді. Эмоционалды интеллекттің дамуы агрессия деңгейін төмендетуге және ұжымда мейірімді қарым-қатынас қалыптастыруға ықпал етеді.

3. Педагогтерді буллингті ерте анықтауға үйрету.

Профилактикалық жұмыстың тиімділігі көбінесе педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерімен байланысты. Осыған сәйкес олардың буллинг белгілері, түрлері және мектепке дейінгі жаста көріну ерекшеліктері туралы хабардар болу деңгейін арттыру маңызды міндет болып табылады. Педагогтер балалардың мінез-құлқын бақылау, талдау, агрессияның жасырын түрлерін анықтау және әлеуметтік оқшаулану дағдыларын меңгеруі тиіс. Сондай-ақ, педагогтердің жанжалды жағдайларға уақтылы ден кою, педагогикалық

тұрғыдан тиімді әсер ету әдістерін қолдану және мамандармен өзара әрекет ету дағдыларын қалыптастыру қажет.

4. Ата-аналармен (заңды өкілдермен) тиімді өзара іс-қимылды ұйымдастыру.

Буллингтің алдын алу отбасының белсенді қатысуынсыз мүмкін емес. Осы міндеттің аясында ата-аналарды (заңды өкілдерді) буллинктің белгілері, оның пайда болу себептері және бала үшін ықтимал салдарлары туралы хабардар ету қажет. Педагогтер ата-аналарда сындарлы тәрбие дағдыларын қалыптастыруға, агрессивті мінез-құлықтың алдын алуға және баланы қолдауға бағытталған консультациялар, әңгімелесу, ата-аналар жиналыстарын өткізуі қажет. Отбасы мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы тәрбие мен өзара іс-қимылға бірыңғай тәсілді қалыптастыруға ерекше назар аудару.

5. Агрессия және буллинг жағдайларына жедел ден қоюды қамтамасыз ету.

Маңызды міндет – агрессивті мінез-құлық фактілері анықталған жағдайда нақты іс-қимыл алгоритмін құру. Педагог зорлық-зомбылықтың кез-келген көріністеріне дереу ден қоюы, жанжалды жағдайлардың алдын алуы және олардың өршуіне жол бермеуі тиіс. Әкімшілікті және ата-аналарды (заңды өкілдерді) уақтылы хабардар ету, педагог-психологты тарту, сондай-ақ жағдайға қатысушылармен жұмыс жүргізу ұйымдастырылады. Жедел және дұрыс әрекет ету теріс салдарды барынша азайтуға және мұндай жағдайлардың қайталануын болдырмауға мүмкіндік береді.

Көрсетілген міндеттерді іске асыру кешенді және тұрақты негізде жүзеге асырылғанда, профилактикалық іс-шараның тиімділігі артады. Осы бағыттағы жүйелі жұмыс балаларда қауіпсіз мінез-құлық үлгілерін қалыптастыруға, әлеуметтік құзыреттілікті дамытуға және мектепке дейінгі ұйымда жайлы психологиялық ахуал орнатуға ықпал етеді.

Осылайша, буллинг профилактикасының мақсаты мен міндеттері тек жағымсыз көріністердің алдын алуға ғана емес, сонымен қатар баланың тұлғасын жан-жақты дамытуға, оның бойында құрмет көрсету, ынтымақтастықта болу және өзара көмек көрсету сияқты құндылықтарды қалыптастыруға бағытталады.

ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫ

Мектепке дейінгі ұйымда буллинктің алдын алу тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушылар жұмысының мазмұнын, нысандары мен әдістерін айқындайтын қағидаттар негізінде жүзеге асырылады. Осы қағидаттарды сақтау профилактикалық қызметтің жүйелілігін, тиімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Зорлық-зомбылыққа (буллинге) мүлдем төзбеушілік қағидаты

Бұл қағидат зорлық-зомбылықтың, агрессияның және баланың жеке басын қорлаудың кез келген түрлерінен, олардың көріну деңгейіне қарамастан, мүлдем бас тартуды көздейді. Педагогикалық тәжірибеде бұл

агрессивті мінез-құлықтың бірде-бір көрінісі назардан тыс қалмауы немесе балалардың жас ерекшеліктерімен ақталмауы тиіс дегенді білдіреді Педагог тәрбиеленушілерде ренжітуге, қорлауға, ойыннан шеттетуге және теріс өзара әрекеттің басқа түрлеріне жол бермеу туралы нақты түсінік қалыптастыруы қажет. Топта құрмет көрсетуге, мейірімділікке және қолдауға негізделген бірыңғай мінез-құлық ережелері белгіленеді және сақталады. Ересектер зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынастың және әрбір балаға әділдікпен қараудың жеке үлгісін көрсетуі тиіс.

Профилактиканың жүйелілігі мен жиілігі қағидаты

Профилактикалық жұмыс эпизодтық емес, жоспарлы әрі үздіксіз сипатта болуы керек. Буллингтің алдын алу бойынша іс-шаралар мектепке дейінгі ұйымның жылдық жұмыс жоспарына енгізілуі және оқу жылы бойы іске асырылуы қажет. Профилактикалық іс-шараларды кемінде тоқсанда бір рет өткізу ұсынылады, алайда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту тәжірибесінде олар күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекетке кіріктіріледі: режимдік сәттер, ойын, еңбек әрекеті, балалармен қарым-қатынас жасау және басқалар. Жүйелілік жұмыс түрлерінің ретін, сабақтастығын және өзара байланысын, сондай-ақ олардың тиімділігін тұрақты талдауды көздейді.

Өзара ынтымақтастық қағидаты

Буллингтің тиімді профилактикасы мектепке дейінгі ұйымның барлық педагогтерінің өзара әрекет етуі жағдайында ғана мүмкін болады. Тәрбиеші, педагог-психолог, әкімшілік қажет болған жағдайда басқа мамандар (әлеуметтік педагог, логопед) агрессия көріністерін анықтау, алдын алу және түзету жұмыстарына бірлесіп қатысады. Тәрбиеші тәрбиелеу-білім беру процесін күнделікті бақылауды және ұйымдастыруды жүзеге асырады, психолог диагностика жүргізеді, консультация береді және түзету шараларын жүргізеді, әкімшілік ұйымдастырушылық жағдайлар мен бақылауды қамтамасыз етеді. Педагогтердің өзара іс-қимылы ақпарат алмасу, әрекеттерді келісу және проблемаларды шешудің бірыңғай тәсілдері негізінде құрылады.

Жедел әрекет ету қағидаты

Буллингтің кез-келген белгілері педагог тарапынан жедел араласуды қажет етеді. Бұл қағидат агрессивті мінез-құлық анықталған кезде жағдайды кейінге немесе елеусіз қалдырмай дереу әрекет етуді көздейді. Педагог жағымсыз әрекеттерді тоқтатуға, барлық қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, болған жағдайдың себептерін анықтауға және мұндай жағдайлардың қайталануын болдырмау үшін шаралар қабылдауға міндетті. Ересектің әрекеті сабырлы, әділ және педагогикалық тұрғыдан негізделген, агрессия мен айыптаусыз болуы маңызды. Дер кезінде араласу жанжалдың өршуіне жол бермейді және жағымсыз мінез-құлық қалыптасуының алдын алады.

Балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету қағидаты

Профилактикалық жұмыс тек буллингтің алдын алуды ғана емес, сонымен қатар жағдайға қатысушылардың барлығына уақтылы көмек көрсетуді қамтиды. Қолдау агрессияға ұшыраған балалар мен агрессивті мінез-

құлық көрсететін балаларға көрсетілуі қажет. Жәбір көрген балаларды қорғау, эмоционалды қолдау, қауіпсіздік пен сенімділікті сезінуді қалпына келтіруге көмектесу қамтамасыз етіледі. Агрессия көрсететін балалармен өзін-өзі бақылауды, эмпатияны дамыту, өзара әрекет етудің сындарлы әдістерін меңгерту бойынша жұмыс жүргізілуі тиіс. Педагог-психолог мінез-құлықты түзетуге және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды дамытуға бағытталған жеке және топтық жұмыс түрлерін ұйымдастырады. Көмектің маңызды бөлігі ата-аналарға (заңды өкілдерге) кеңес беру және тәрбиелеу әдістерін бірлесіп әзірлеу болып табылады.

Аталған қағидаттарды кешенді іске асыру қауіпсіз білім беру ортасын құруды қамтамасыз етеді, бұл балаларда жағымды мінез-құлық үлгілерін қалыптастыруға ықпал етеді және буллингтің алдын алады.

Профилактикалық жұмыстың қағидаттары мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің қызметін ұйымдастырудың негізі болып табылады және буллингтің алдын алудың мақсатты, жүйелі және нәтижелі іске асырылуын қамтамасыз етеді.

ПЕДАГОГ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Профилактика (алдын алу)

Мектепке дейінгі ұйымда буллингтің алдын алу педагог қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады және балаларда қауіпсіз әрі сындарлы өзара әрекет ету дағдыларын қалыптастыру бойынша жүйелі, мақсатқа бағытталған жұмысты қамтиды. Жайлы психологиялық орта құру және тәрбиеленушілердің әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттіліктерін дамыту арқылы агрессивті мінез-құлықтың пайда болуының алдын алуға ден қою қажет.

Профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылған іс-әрекет аясында, сондай-ақ балалармен күнделікті қарым-қатынас процесінде, режимдік сәттерде, ойын және еркін әрекетте іске асырылады.

Педагогтің күнделікті жұмысы мінез-құлықтың тұрақты нормаларын қалыптастыруға бағытталған және келесі бағыттарды қамтиды:

Топтың ережелерін құру және бекіту маңызды элемент болып табылады. Балалармен бірге «біз бір-бірімізді ренжітпейміз», «біз бір-бірімізге көмектесеміз», «біз бір-бірімен бөлісеміз», «біз жылы сөздер айтамыз» сияқты қарапайым және түсінікті мінез-құлық нормалары тұжырымдалады. Бұл ережелер көрнекілік түрінде әзірленуі керек (плакаттар, иллюстрациялар) және оларды үнемі айтып отыру қажет. Балалардың ережелерді білуі ғана емес, олардың мағынасын түсінуі, сондай-ақ ересектер тарапынан осы ережелердің сақталуын көруі маңызды.

Сыйластық пен достық қарым-қатынасты қалыптастыруға көңіл бөлу ұсынылады. Педагог балаларда адамның сыртқы келбетіне, мінез-құлық ерекшеліктеріне немесе даму деңгейіне қарамастан әрбір адамның құндылығы туралы түсініктерді жүйелі түрде қалыптастыруы керек. Күнделікті әрекетте

мейірімділік танытқан, өзара көмек, қолдау көрсеткен балаларды мадақтау. Барлық тәрбиеленушілерге құрметпен, төзімділікпен және әділ қарайтын педагогтің жеке үлгісі ерекше маңызға ие.

Профилактиканың ажырамас бөлігі **әлеуметтік және эмоционалды** дағдыларды дамыту болып табылады:

- ынтымақтастық дағдылары — бірге жұмыс істей білу, келісу, рөлдерді бөлу, басқалардың пікірін ескеру, нәтижеге бірлесіп қол жеткізу;

- эмпатия — басқа адамның эмоционалды жағдайын түсіну, жанашырлық таныту, қамқорлық пен қолдау көрсету қабілеті;

- өзін-өзі басқару — өзінің эмоциялары мен мінез-құлқын басқару, импульсивті реакцияларды тежеу, сезімдерін әлеуметтік тұрғыдан тиімді тәсілдермен білдіру.

Бұл дағдыларды қалыптастыру біртіндеп жүзеге асырылады және түсіндіруді, көрсетуді, бекітуді, жағымды мінез-құлық танытуға ынталандыруды қамтитын жүйелі жұмысты талап етеді.

Жұмыс нысандары. Профилактикалық қызметте педагогке балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыстың әртүрлі нысандары мен әдістерін таңдау ұсынылады:

Негізгі нысандардың бірі — **әңгімелесу, өмірлік және ойын жағдаяттарын талқылау**, оның барысында педагог балаларға әртүрлі мінез-құлық үлгілерін түсінуге, агрессияның салдарын және мейірімді қарым-қатынастың маңызын түсінуге көмектеседі. Балаларға түсінікті тілді қолдану, олардың жеке тәжірибелеріне сүйену және өз пікірлерін айтуға ынталандыру маңызды.

Тиімді құралдардың бірі — **көркем шығармаларды (ертегілер, әңгімелер) оқып беру және талқылау**. Кейіпкерлердің бейнелері арқылы балалар мейірімділік пен зұлымдықты ажырата білуге, кейіпкерлердің әрекеттерін талдауға, жанашырлық танытуға және дұрыс мінез-құлық туралы қорытынды жасауға үйренеді. Педагог моральдық-адамгершілік түсініктерді дамытуға бағытталған сұрақтар қояды («Кейіпкер неге бұлай істеді?», «Басқаша қалай әрекет етуге болар еді?»).

Сюжетті-рөлдік ойындар кеңінен қолданылады, онда балалар қарым-қатынастың және өзара әрекет етудің әртүрлі жағдайларын көрсетеді. Ойын барысында олар әлеуметтік рөлдерді меңгереді, жанжалдарды шешуді, эмоцияларын білдіруді және келісуді үйренеді. Педагог ойын әрекеттеріне бағыт береді, қажет болған жағдайда мінез-құлықты түзетеді және өзара әрекет етудің баламалы тәсілдерін ұсынады.

Коммуникативтік және эмоционалды дағдыларды дамытуға бағытталған **қарым-қатынастың ойын тренингтері** ерекше орын алады. Бұл танысу, ұжымды біріктіру, сенімділікті дамыту, басқаны тыңдау және ести білу, өз сезімдерін білдіру жаттығулары болуы мүмкін. Мұндай тренингтер ойын түрінде өткізіледі, бұл олардың мектеп жасына дейінгі балалар үшін қолжетімділігі мен тиімділігін қамтамасыз етеді.

Профилактикалық жұмысты сәтті жүргізудің маңызды шарты — аталған нысандар мен әдістерді жиі және бірізді қолдану. Педагог жүйелі түрде негізгі тақырыптарға оралып, қалыптасқан дағдыларды бекітіп, балалардың мінез-құлқындағы өзгерістерді қадағалап отыруы тиіс.

Сонымен қатар, «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңына сәйкес педагог білім беру ұйымының басшылығына әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс кәсіби қызметіне байланысты өзіне белгілі болған кәмелетке толмағандарға қатысты әрекеттер (әрекетсіздіктер) жасау фактілері туралы (егер бала мектепке дейінгі ұйымға ұрып-соғу белгілерімен келген жағдайда) дереу хабарлауға міндетті.

Осылайша, мектепке дейінгі ұйымда буллингтің алдын алу — балаларда жағымды мінез-құлық үлгілерін қалыптастыруға, эмоционалды құзыреттілікті дамытуға және сенімділік, қауіпсіздік пен өзара сыйластық атмосферасын құруға бағытталған үздіксіз педагогикалық процесті қамтиды. Бұл бағытты іске асыру агрессивті мінез-құлық көріністерінің пайда болу қаупін барынша азайтуға мүмкіндік береді және бала тұлғасының үйлесімді дамуына ықпал етеді.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА БУЛЛИНГТІ ЕРТЕ АНЫҚТАУ

Мектепке дейінгі ұйымда буллингті ерте диагностикалау — оның алдын алудың және дер кезінде араласудың маңызды шарты болып табылады. Жас ерекшеліктеріне байланысты балалар агрессия фактілері туралы тікелей айта алмауы немесе болып жатқан жағдайды дұрыс түсіндіре алмауы мүмкін, сондықтан қолайсыз белгілерді анықтауда негізгі рөл педагогке тиесілі.

Диагностикалық жұмыс түрлі балалар әрекетінде: ойында, еркін әрекетте, серуен кезінде, режимдік сәттерде, сондай-ақ құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас процесінде балалардың мінез-құлқын жүйелі бақылау арқылы жүзеге асырылады. Жеке көріністер әрдайым буллингтің белгісін көрсетпейтінін ескеру маңызды, бірақ олардың қайталануы мен тұрақтылығы проблеманың бар екенін көрсетуі мүмкін.

Педагог жәбірленушінің немесе агрессивті мінез-құлықтың (агрессордың) ықтимал белгілерін көрсететін балаларға ерекше назар аударуы керек.

Буллингке ұшыраған баланың (жәбірленушінің) белгілері:

Жиі кездесетін белгілердің қатарына баланың эмоционалды жағдайы мен мінез-құлқындағы өзгерістер жатады. Баланың тұйық болуы, құрдастарымен қарым-қатынастан қашқақтауы, жалғыз ойнауды қалауы немесе ересектердің жанында болуға тырысуы мүмкін. Жиі белсенділіктің төмендеуі, өзіне деген сенімсіздік, мазасыздық байқалады.

Аландататын белгілердің бірі — **балабақшаға барудан бас тарту** болып табылады, әсіресе бұған дейін бала еш қиындықсыз барған болса. Мұндай жағдай баланың өзін жайсыз сезінуі туралы шағымдарымен, үйде қалуға

тырысуымен, сондай-ақ таңертеңгі уақытта мазасыздық пен алаңдаушылықтың күшеюімен қатар жүруі мүмкін.

Сондай-ақ, баланың **жылауы**, эмоционалды тұрақсыздық, тез шаршауы мүмкін. Балаға ескертулерде әсер етеді, кейбір балалардан немесе жағдайлардан қорқуы, бірлескен ойындарға қатысқысы келмеуі мүмкін.

Қосымша белгілерге мыналар жатады:

- жеке заттарын жоғалту немесе бүлдіру;
- топта достарының болмауы;
- ұжымнан аулақ болуға тырысу;
- өзін-өзі бағалаудың төмендігі;
- өз сезімдері мен қажеттіліктерін білдірудегі қиындықтар.

Агрессивті мінез - құлық көрсететін баланың (агрессор) белгілері:

Мектепке дейінгі жаста агрессивті мінез-құлық әртүрлі формада көрінуі мүмкін және педагог тарапынан мұқият талдауды қажет етеді. Негізгі белгілерге **басқа балалармен жиі жанжалдасу**, үстемдікке ұмтылу, ойынға өз ережелері мен шарттарын енгізу жатады.

Мұндай балалар импульсивтілікті, өзін-өзі бақылаудың төмен деңгейін, физикалық немесе вербалды әсерге бейімділікті көрсете алады (балаларды итеру, ойыншықтарды тартып алу, мазақтау). Көбінесе кінәсін сезінбеуі немесе өз әрекеттерінің салдарын түсінбеуі, сондай-ақ өзінің мінез-құлқын ақтауы байқалады.

Сондай-ақ келесі белгілер тән:

- қысым көрсету немесе қорқыту арқылы басқа балаларды басқаруға ұмтылу;
- ересектердің ескертулеріне мән бермеу;
- бас тарту немесе жеңіліс жағдайында агрессивті мінез көрсету;
- эмпатия дағдыларының жеткіліксіз дамуы;
- агрессивті мінез-құлық үлгілеріне еліктеу.

Агрессивті мінез-құлықтың артында баланың ішкі қиындықтары жасырынуы мүмкін екенін ескеру маңызды: эмоционалды шиеленіс, көңіл бөлудің жетіспеушілігі, қолайсыз отбасылық жағдай, өз сезімдерін білдіре алмауы.

Диагностика жүргізуде педагогтің рөлі:

Педагог жеке көріністерді жазып қана қоймай, баланың мінез-құлқындағы өзгерістер динамикасын, оның топтағы өзара әрекет ету ерекшеліктерін, қайталанатын жағдайларды талдауы керек. «Тәуекел аймақтарын» анықтау маңызды — жанжалдар жиі туындайтын жағдайлар (мысалы, еркін ойын, рөлдерді бөлу, ойыншықтарды бөлу).

Алаңдататын белгілер анықталған кезде педагог әкімшілікті хабардар етуі және диагностика жүргізу үшін педагог-психологты тартуы қажет. Сонымен қатар, баланың балабақшадан тыс мінез-құлқы туралы қосымша ақпарат алу үшін ата-аналармен өзара әрекет ету маңызды.

Ерте диагностика жүргізу әдістері:

- жүйелі педагогикалық бақылау;

- балалармен жеке әңгімелесу;
- ойын жағдайларын талдау;
- ата-аналармен (заңды өкілдермен) өзара іс-қимыл;
- психологиялық диагностика (маманның қатысуымен).

Ерте диагностика жүргізу жағымсыз белгілерді уақтылы анықтауға, жағдайға қатысушыларды анықтауға және буллингтің дамуының алдын алу үшін қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

Осылайша, педагогтің балалар мінез-құлқына мұқият және кәсіби тұрғыдан қарауы, жасырын белгілерді тани білуі және дер кезінде әрекет етуі мектепке дейінгі ұйымда буллингтің алдын алудың негізгі факторлары болып табылады.

БУЛЛИНГ АНЫҚТАЛҒАН ЖАҒДАЙДА ӘРЕКЕТ ЕТУ АЛГОРИТМІ

Буллинг белгілері анықталған жағдайда педагог жедел, ретімен және белгіленген нормативтік талаптар аясында әрекет етуге міндетті. Нақты іс-қимыл алгоритмі балалар үшін жағымсыз салдарларды азайтуға, жағдайдың қайталануын болдырмауға және тәрбиелеу-білім беру процесінің барлық қатысушыларын қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жағдайды дереу тоқтату

Педагогтің басты міндеті — агрессивті әрекеттерді тоқтату мақсатында жедел араласу. Жанжалдың өршуіне жол бермей, оны тез және сабырлы түрде тоқтату маңызды. Педагог балалардың физикалық және эмоционалдық қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс, қажет болған жағдайда («Тоқта», «Бұлай істеуге болмайды») нақты және түсінікті нұсқауларды қолдануы керек, айқайлаудан, қорқытудан және дөрекі сөздерден аулақ болған абзал.

Жанжалға қатысушыларды ажырату

Жағдай тоқтатылғаннан кейін эмоционалды шиеленіс деңгейінде одан әрі өзара әрекетті болдырмау үшін жанжалға қатысатын балаларды ажырату қажет. Бұл шиеленіс деңгейін төмендетуге және жағдайларды әділдікпен анықтауға жағдай жасауға мүмкіндік береді. Балаларға тынышталуға уақыт беріледі.

Жағдайды анықтау (айыптаусыз)

Педагог жағдайға қатысушының әрқайсымен жеке әңгімелеседі. Барлық балалардың әңгімесін бөлмей және алдын ала қорытынды жасамай тыңдау маңызды. Қарым-қатынас айыптаусыз, қысым көрсетпей және мазақ етпей, мейірімді тұрғыда жасалуы керек. Негізгі міндет — фактілерді анықтау, қатысушылардың мінез-құлқының себептері мен эмоционалды жағдайын түсіну. Болған жағдайды басқа балалардың алдында талқылауға жол бермеу қажет.

Әкімшілікке хабарлау.

Буллингтің әрбір анықталған жағдайы туралы педагог мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігіне уақтылы хабарлауға міндетті. Бұл әрі қарай әрекеттерді ұйымдастыру, жағдайды бақылау және басқарушылық шешімдер қабылдау

үшін қажет. Әкімшілік мамандардың жұмысын үйлестіруді және нормативтік талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Педагог-психологты тарту.

Жағдайды тереңірек талдау және кәсіби көмек көрсету үшін педагог-психологты тарту қажет. Маман диагностика жүргізеді, балалардың мінез-құлқының ерекшеліктерін, жанжалдың себептерін анықтайды және мінез-құлықты түзету бойынша ұсынымдар әзірлейді. Психолог зардап шеккен балаға да, агрессия көрсеткен балаға да қолдау көрсетеді.

Ата-аналарды (заңды өкілдерді) хабардар ету.

Жағдайға қатысушылардың ата-аналары (заңды өкілдері) болған жағдай туралы уақтылы хабардар етілуі тиіс. Ақпараттандыру айыптаусыз және бағалаусыз сыпайы және құпия нысанда жүзеге асырылады. Педагог немесе әкімшілік жағдайдың мәнін, қабылданған шараларды түсіндіреді және үйде баламен өзара әрекет ету бойынша ұсынымдар береді. Отбасымен сындарлы ынтымақтастық орнату маңызды.

Істі тіркеу (құжаттау)

Буллингтің әрбір жағдайы белгіленген тәртіппен міндетті түрде тіркелуі тиіс. Педагог қажетті құжаттарды ресімдейді: жағдайдың сипаттамасы, оқиғаның болған күні мен уақыты, қатысушылар, қабылданған шаралар. Сондай-ақ, әңгімелесу мен консультация нәтижелері, мамандардың ұсыныстары тіркеледі. Құжаттау әрекеттердің ашықтығын қамтамасыз етеді және жағдайдың даму динамикасын бақылауға мүмкіндік береді.

Қатысушыларды қолдауды ұйымдастыру

Жағдай реттелгеннен кейін балаларды одан әрі психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз ету қажет. Зардап шеккен баламен қауіпсіздікті сезінуді қалпына келтіруге, өзін-өзі бағалауы мен сенімділігін арттыруға бағытталған жұмыс жүргізілуі тиіс. Агрессия көрсеткен баламен өзін-өзі бақылауды, эмпатияны және мінез-құлықтың балама тәсілдерін дамыту бойынша түзету жұмыстары ұйымдастырылады. Сондай-ақ, психологиялық ахуалды жақсартуға және ұжымда жағымды қатынас-қатынас қалыптастыруға бағытталған топтық жұмыстар жүргізуге болады.

Қолдау белгілі бір уақыт аралығында жүзеге асырылады және балалардың мінез-құлқын бақылауды, әңгімелесуді, дамыту және түзету шараларына қатысуды, сондай-ақ балалардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) өзара іс-қимылды қамтиды.

Осылайша, аталған іс-қимыл алгоритмін сақтау буллингпен байланысты жағдайларды шешуге кешенді және тиімді тәсілді қамтамасыз етеді, баланың құқықтарын қорғауға және мектепке дейінгі ұйымда қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға ықпал етеді.

БУЛЛИНГ АНЫҚТАЛҒАН ЖАҒДАЙДА БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ

Буллинг анықталған жағдайда балалармен жұмыс кешенді, сараланған түрде жүргізілуі және қауіпсіз, қолдаушы және дамытушы орта құруға бағытталуы тиіс. Жағдайға қатысушыларға жеке тәсіл қолданудың маңызы зор: агрессия көрсеткен (агрессор) және жәбірленген балаға (жәбірленуші), сондай-ақ жанжалға куәгері болуы мүмкін балаларға.

Агрессия көрсететін баламен жұмыс

Агрессия көрсететін баламен жұмыс жүргізудің мақсаты тек жағымсыз мінез-құлықты тоқтату ғана емес, сонымен қатар оның қажеттіліктерін қауіпсіз және сындарлы тәсілдермен білдіруіне мүмкіндік беретін әлеуметтік және эмоционалды құзыреттіліктерін қалыптастыру болып табылады.

Жұмыстың негізгі бағыттары:

1. Жеке әңгімелесу.

Педагог баланы кінәламай, сабырлы, мейірімді түрде сөйлеседі.

Мінез-құлықтың себептері, агрессивті әрекет етуге итермелейтін сезімдер және олардың басқаларға тигізетін салдары талқыланады.

Балаға өзінің әрекеттері мен құрдастарының реакциясы арасындағы байланысты түсінуге көмектесу маңызды.

2. Эмпатияны дамыту.

Басқа адамдардың эмоцияларын түсінуге бағытталған жаттығулар жасау («Қалай ойлайсың, досың не сезінді?»).

Ертегілер, рөлдік ойындар, басқа адамға көмек немесе қолдау қажет болатын жағдайларды модельдеу қолданылады.

Құрдастарының сезімдерін түсіну және ескеру қабілетін қалыптастыруға баса назар аударылады.

3. Мінез-құлықтың баламалы тәсілдерін үйрету.

Балаға эмоцияларын білдірудің қауіпсіз тәсілдері: сөздермен, қимылдар және суреттермен көрсетіледі.

Жанжалдарды шешуге, рөлдерді бөлуге, бірлескен шешім қабылдауға арналған ойын және рөлдік жаттығулар өткізіледі.

Топтың ережелерін түсіну кеңейтіледі, жағымды мінез-құлық танытқаны үшін балаларды мадақтау.

Жәбірлеуге (буллингке) ұшыраған баламен жұмыс жүргізу

Жәбірлеуге ұшыраған баламен жұмыс жүргізудің негізгі міндеті — оның психологиялық жайлылығын, қауіпсіздікті сезіну және өзіне деген сенімділігін қалпына келтіру.

Жұмыстың негізгі бағыттары:

1. Қолдау және қорғау.

Педагогтің баланы эмоционалды қолдауы мен қауіпсіздікті сезінуін қамтамасыз етуі.

Құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасаудың қауіпсіз жағдаяттарын ұйымдастыру.

Балаға өзінің сезімдері мен пікірлерін ашық бөлісуге мүмкіндік беретін сенімді қарым-қатынас орнату.

2. Өзін-өзі бағалауды арттыру

Жетістіктері мен жағымды мінез-құлық танытқаны үшін мадақтау әдістерін қолдану.

Баланы өзінің күшті қырларын көрсете алатын ұжымдық ойындарды және тапсырмаларды орындауға қатысуын қамтамасыз ету.

Өзін көңілді сезінуге және өз ойлары мен сезімдерін білдіруге үйрету.

3. Өзін-өзі қорғау (вербалды) дағдыларын үйрету

Балаға өзінің құқықтарын физикалық тұрғыда емес, сөзбен қалай қорғауға болатынын көрсету.

Өтініш білдіру, бас тарту, басқа балалардың зиянды әрекеттеріне сындарлы жауап беруді қалыптастыруға арналған ойын жаттығуларын өткізу.

Жанжалды жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық танытуды қалыптастыру.

Топтағы балалармен жұмыс жүргізу

Буллингтің қайталануын болдырмау және достық қарым-қатынасқа негізделген орта қалыптастыру үшін жанжалға қатысушылармен ғана емес, бүкіл топпен де жұмыс жүргізу маңызды.

Жұмыстың негізгі бағыттары:

1. Мейірімді және қолдау ортасын қалыптастыру

Педагогтің топты біріктіруге ықпал ететін бірлескен ойындар, жаттығулар мен іс-шаралар ұйымдастыруы.

Балалардың құрдастарына көмектесуге және қолдауға бағытталған әрекеттерін мадақтау.

Барлық балалар нормаларды тұжырымдауға және ережелерді келісуге қатысатын мінез-құлық ережелерін ұжымдық талқылау қолданылады.

2. «Бақылаушы болуға» жол бермеу

Балалар пассивті куәгер болып қалмай, басқалардың агрессивті әрекеттеріне белсенді жауап беруді үйренеді.

Батылдықты, жауапкершілікті және құрдастарына көмектесу дағдыларын дамытатын ойындар мен жаттығулар өткізіледі.

Тәрбиеші буллинг орын алған жағдайда ол туралы айтпауы зиян келтіруі мүмкін және ересектерге осындай жағдайлар туралы хабарлау маңызды екенін түсіндіреді.

Агрессия көрсететін баламен, жәбірлеуге (буллингке) ұшыраған баламен және бүкіл топпен кешенді жұмыс жүргізу:

- жағымсыз мінез-құлықтың қалыптасуын болдырмауға;
- балаларда қауіпсіз қарым-қатынас жасау, ынтымақтастық және жанашырлық таныту дағдыларын қалыптастыруға;
- топта достық қарым-қатынас орнатуға;
- буллинг жағдайларының қайталану тәуекелін азайтуға мүмкіндік береді.

Осылайша, педагогтің балалармен жүйелі және сараланған жұмысы буллингтің алдын алудың негізгі элементі болып табылады және балабақшада

қауіпсіз және қолдау көрсететін білім беру ортасын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

АТА - АНАЛАРМЕН (ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРМЕН) ЖҰМЫС

Мектепке дейінгі ұйымда буллингтің алдын алу ата-аналардың (заңды өкілдердің) белсенді қатысуынсыз мүмкін емес. Ата-аналар (заңды өкілдер) балаларда қауіпсіз және сыйластыққа негізделген мінез-құлықты қалыптастыруда, эмоционалды интеллект пен әлеуметтік дағдыларды дамытуда педагогтердің маңызды серіктестері болып табылады. Отбасымен жұмыс жүйелі, тұрақты, ақпараттық-ағартушылық және консультациялық сипатта болуы қажет.

Ата-аналармен өзара іс-қимыл нысандары

1. Ата-аналар жиналыстары.

Ата-аналарды буллингтің алдын алу, оның мектепке дейінгі жаста көріну ерекшеліктері және агрессивті мінез-құлықтың алдын алуда отбасының рөлі туралы хабардар ету мақсатында жүзеге асырылады.

Жиналыстарда балалармен өзара әрекет етудің жалпы ережелері, мейірімді атмосфераны қалыптастыру және эмоционалды интеллектті дамыту бойынша практикалық ұсынымдар талқыланады.

Ата-аналарға сұрақтар қоюға, проблемаларымен бөлісуге және педагогтер мен психологтан кеңес алуға мүмкіндік беріледі.

2. Консультациялар.

Балада агрессивті мінез-құлық анықталған жағдайда ата-аналармен жеке жүргізіледі.

Консультациялар нақты жағдайды талдауды, мінез-құлықты түзету бойынша ұсынымдарды, баланы қолдау әдістерін және профилактиканың бірлескен стратегияларын қамтуы мүмкін.

Психолог пен педагог ата-аналарға баланың эмоционалды және әлеуметтік қажеттіліктерін, сондай-ақ баламен жағымды қарым-қатынас жасау тәсілдерін түсінуге көмектеседі.

3. Жаднамалар, ақпараттық материалдар және буклеттер.

Ата-аналарға қолжетімді нысанда ұсынылады және агрессиясыз тәрбиелеу, ынтымақтастық және өзін-өзі басқару дағдыларын қалыптастыру, эмпатияны дамыту бойынша ұсынымдарды қамтиды.

Жаднамалар нақты практикалық кеңестерді, жағдаяттардың үлгілері мен агрессия көріністерін реттеу нұсқаларын қамтуы тиіс.

Материалдар баспа түрінде немесе электрондық арналар арқылы (топтық чаттар, электрондық пошталар) таратылуы мүмкін.

Ата-аналармен (заңды өкілдермен) жүргізілетін жұмыстың тақырыптары

1. Буллингтің белгілері.

Ата-аналарға баланың мінез-құлқындағы қандай өзгерістерге назар аудару қажет екенін түсіндіру: тұйықталу, балабақшаға барудан бас тарту, эмоциялардың тұрақсыздығы, жиі жанжалдасу.

Жәбірленуші және агрессивті баланың да мінез-құлқындағы белгілерді қарастыру.

Буллингке күдік туындаған жағдайда тәрбиешіге дереу хабарлаудың маңыздылығын атап өту қажет.

2. Агрессиясыз тәрбиелеу.

Ата-аналарға балаларды жазалау, қорлау немесе қорқытуды қолданбай, өзара қарым-қатынас жасау әдістері туралы айту керек.

Оң қолдау көрсету, мінез-құлық ережелерін түсіндіру және жанжалдарды диалог арқылы шешу тәсілдерін ұсыну маңызды.

Ата-аналармен қауіпсіз және сыйластыққа негізделген мінез-құлықтың үлгісі ретінде ересектің рөлін талқылау.

3. Балада эмоционалды интеллекттің дамуы.

Ата-аналарға буллинктің алдын алу үшін эмпатияның, өзін-өзі басқарудың, эмоцияларды тану және оларды басқару қабілетінің маңызын түсіндіру.

Үйде эмоцияларды түсіну мен ынтымақтастық дағдыларын дамытуға бағытталған нақты жаттығулар мен ойындар ұсынуға болады.

Педагогтер баламен бірлескен әрекеттер сенімді қарым-қатынасты нығайтуға және баланың сенімділігін арттыруға қалай ықпал ететінін көрсетуі қажет.

4. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

Өзара іс — қимылдың жүйелілігін қамтамасыз ету қажет: тоқсанда кемінде бір рет ата-аналар жиналысын өткізу, қажет болған жағдайда консультация беру, оқу жылының басында және ортасында негізгі тақырыптар бойынша жаднамалар әзірлеу.

Оң және сындарлы тәсілді қолдану: ақпарат ата-аналарда өзін кінәлі сезінуді немесе ұялу сезімін тудырмай, оларды бірлесіп жұмыс жүргізуге ынталандыруы тиіс.

Құпиялылықты сақтау: жеке жағдайлар тек қана қатысушы балалардың ата-аналарымен және мамандармен талқылануы қажет.

Ата-аналардың өзара көмек көрсетуіне ықпал ету: мүмкіндігінше тәжірибе алмасуды, шеберлік сыныптарын және кездесулерді ұйымдастыру, онда ата-аналар бала тәрбиесі мен агрессияның алдын алу бойынша оң тәжірибелерімен бөлісе алады.

Ата-аналармен кешенді жұмыс үйде және балабақшада бірыңғай тәрбиелеу жүйесін құруға, буллинктің алдын алудың тиімділігін арттыруға, балалардың эмоционалды тұрақтылығын нығайтуға және оларда тұрақты әлеуметтік, моральдық құндылықтарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ БАСШЫСЫНЫҢ РӨЛІ

Мектепке дейінгі ұйым басшысы буллингтің алдын алу жүйесін ұйымдастыру мен үйлестіруде негізгі рөл атқарады. Бұл жұмыстың тиімділігі көбінесе басқарушылық шешімдерге, бақылауға және алдын-алу шараларын жүзеге асыру үшін жағдайлар жасауға байланысты.

Мектепке дейінгі ұйым басшысы қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз етуге, нормативтік талаптардың сақталуына және кешенді профилактикалық қызметті ұйымдастыруға жауапты.

Басшы қызметінің негізгі бағыттары:

1. Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларына (*ҚР ОМ 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы*) сәйкес мектепке дейінгі ұйымның басшысы баланы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу мақсатында жыл сайын оқу жылының басында баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы бойынша жоспарды (бұдан әрі – Жоспар) бекітеді.

Жоспарда мақсат, міндеттер, балалармен, педагогтермен және ата-аналармен жұмыс жүргізу нысандары, іске асыру мерзімдері мен жауапты тұлғалар қамтылуы тиіс. Жоспар шынайы, жүйелі болуы және тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін, сондай-ақ алдыңғы жұмысты талдау нәтижелерін ескеруі маңызды.

2. Педагогтерді оқыту мен біліктіліктерін арттыруды ұйымдастыру.

Басшы буллингтің алдын алу мәселелері бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру үшін жағдай жасайды. Бұл семинарлар, тренингтер, педагогикалық кеңестер өткізуді, әдістемелік бірлестіктер жұмысын, сондай-ақ біліктілікті арттыру курстарын қамтуы мүмкін. Педагогтерге буллингті ерте анықтау, тиімді әрекет ету және балалармен, ата-аналармен өзара әрекет ету дағдыларын үйретуге ерекше назар аудару қажет.

3. Психологиялық және әлеуметтік ортаның мониторингін қамтамасыз ету.

